

«ҚАЗАҚСТАН ШАХМАТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ Жаттықтырушылар кеңесі (бұдан әрі – Жаттықтырушылар кеңесі) Қазақстан шахмат федерациясының (бұдан әрі – ҚШФ) ішкі құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2. Жаттықтырушылар кеңесінің қызметі «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Жаттықтырушылар кеңесі ҚШФ басқарушы органы болып табылмайды және өз қызметінде ҚШФ Төралқасына бағынады.

2. Мақсаттары мен міндеттері

2.1. Жаттықтырушылар кеңесінің мақсаттары:

2.1.1. Қазақстан Республикасында кәсіпқой және балалар шахматын дамыту.

2.1.2. Қазақстан жаттықтырушыларының қызметін үйлестіру.

2.1.3. Қазақстан Республикасында және әлемнің басқа елдерінде жаттықтырушылар мен шахматшылардың мүдделеріне өкілдік ету.

2.1.4. Ресми халықаралық жарыстарға қатысуы үшін Қазақстан Республикасы ұлттық құрамаларының құрамын анықтау.

2.2. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Жаттықтырушылар кеңесі мынадай міндеттерді шешеді:

2.2.1. Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың басымдықты бағыттарын әзірлеуге қатысады.

2.2.2. Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін ресми жарыстар мен іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлеуге қатысады.

2.2.3. Қазақстан шахматшыларының Қазақстан Республикасының Чемпионаттарына, Кубоктарына, Дүниежүзілік шахмат Олимпиадаларына, Әлем Чемпионаттары мен Кубоктарына, Азия Чемпионаттарына және басқа да ресми халықаралық турнирлерге қатысуының шарттарын айқындайды.

2.2.4. Басқа елдердің шахмат федерацияларымен және басқа да халықаралық ұйымдармен спорттық және шығармашылық байланыстарды дамытады және нығайтады.

2.2.5. Жаттықтырушыларды даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, соның ішінде шахматтан жаттықтырушылардың республикалық семинарларын ұйымдастырады және өткізеді.

3. Қызметінің түрлері

3.1. Жаттықтырушылар кеңесі:

3.1.1. Дүниежүзілік Шахмат Олимпиадасына, Әлем және Азия Чемпионаттарына, сондай-ақ басқа да ресми халықаралық жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командаларының құрамына қатысты ұсыныстар әзірлейді.

3.1.2. Қазақстан Республикасында өтетін ресми жарыстардың құрамына қатысты ұсыныстар әзірлейді.

3.1.3. Қазақстан Республикасындағы жарыстардың күнтізбелік жоспарын жоспарлауды талқылауға қатысады және ұсыныстар енгізеді.

3.1.4. Жарыс өткізу жүйесіне, ойын уақытына, өткізу мерзіміне және т.б. қатысты ұсыныстар енгізеді.

3.1.5. ҚШФ-ның Қазақстан Республикасының жетекші шахматшыларымен ынтымақтастық құруына жәрдемдеседі.

3.1.6. ФИДЕ, Азия Шахмат Федерациясының ресми жарыстарына, сондай-ақ басқа да халықаралық жарыстарға делегациялардың баруын үйлестіреді.

3.1.7. ҚШФ гранттары мен стипендияларын алуға шахматшылардың кандидатураларын ұсынады.

3.2. Үздік шахматшылар мен шахмат жаттықтырушыларын көтермелеу шаралары бойынша ұсыныстар әзірлейді.

4. Жаттықтырушылар кеңесінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Жаттықтырушылар кеңесінің құқықтары:

4.1.1. Өзінің қызметі туралы ақпаратты еркін тарату.

4.1.2. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының жаттықтырушылары мен шахматшыларының мүдделеріне өкілдік ету және қорғау.

4.1.3. Жаттықтырушы қызметінің әртүрлі мәселелері бойынша бастама көтеру.

4.1.4. ҚШФ басқарушы органдарында Жаттықтырушылар кеңесінің шешімдері мен пікірін білдіру және қорғау.

4.1.5. Қазақстан Республикасында шахматты дамыту үшін материалдық және өзге де қолдау алу.

4.2. Жаттықтырушылар кеңесінің міндеттері:

4.2.1. ҚШФ басқарушы органдарының шешімдерін орындау.

4.2.2. Қазақстан Республикасының заңдарына, ҚШФ Жарғысына және қолданыстағы Ережеге сәйкес әрекет ету.

4.2.3. ҚШФ-ға материалдық нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін әрекеттерден аулақ болу.

4.2.4. Атқарылған жұмыс туралы жүйелі түрде есеп беру және ҚШФ басқарушы органдарын өзінің қызметі туралы хабардар ету.

4.2.5. ҚШФ басқарушы органдарының өкілдерін өзінің отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатыстыру.

5. Жаттықтырушылар кеңесінің құрылымы

5.1. Төрағасын қоса алғандағы Жаттықтырушылар кеңесі мүшелерінің жалпы құрамы - 10 адам, оның ішінде 9 адам дауыс беру құқығына ие және 1 адамның дауыс беруге құқығы жоқ.

5.2. Жаттықтырушылар кеңесінің құрамына мына тұлғалар кіреді:

5.2.1. Жаттықтырушылар кеңесінің Төрағасын ҚШФ Төралқасы ұсынады және бекітеді.

5.2.2. Жаттықтырушылар кеңесінің Хатшысы Жаттықтырушылар кеңесінің мүшесі болып табылады, оны Төраға қатысушылардың арасынан тағайындайды және оның отырыста дауыс беруге құқығы жоқ.

5.2.3. Жаттықтырушылар кеңесінің қалған кандидаттарын Қазақстан Республикасының беделді жаттықтырушылары арасынан Жаттықтырушылар кеңесінің Төрағасы немесе ҚШФ Төралқасы ұсына алады.

5.2.4. Жаттықтырушылар кеңесінің мүшелері арасынан Жаттықтырушылар кеңесі Төрағасының Орынбасары сайланады.

5.3. Жаттықтырушылар кеңесінің құрамын ҚШФ Төралқасы бекітеді.

5.4. Жаттықтырушылар кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ кемінде 6 айда 1 рет өткізіледі.

5.5. Жаттықтырушылар кеңесінің отырысына ЖК 5 немесе одан да көп мүшесі қатысқан жағдайда, оның шешімдері заңды болып табылады. Жаттықтырушылар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, «шешуші» дауыс беру құқығы Жаттықтырушылар кеңесінің Төрағасына, ал ол болмаған жағдайда Кеңес Төрағасының Орынбасарына тиесілі. Жаттықтырушылар кеңесі мүшесінің өз дауысын басқа адамға беруіне жол берілмейді.

5.6. Жаттықтырушылар кеңесінің отырыстары жабық режимде оффлайн немесе онлайн өткізіледі.

5.7. Егер Жаттықтырушылар кеңесінің мүшесі өтініш беріп өз еркімен өкілеттігін тоқтатса, қайтыс болса немесе өзге де себептерге байланысты қызметін тоқтатса, Кеңес Төрағасы 30 күн ішінде ҚШФ Төралқасына жаңа кандидатураны келісуге ұсынуға тиіс. Жаттықтырушылар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда, оны Төралқаның шешімімен Жаттықтырушылар кеңесінің мүшелері қатарынан шығарады.

6. Жаттықтырушылар кеңесі басшылығының құқықтары мен міндеттері

6.1. Жаттықтырушылар кеңесінің Төрағасы:

6.1.1. Жаттықтырушылар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;

6.1.2. Отырыстарға ұсыныстар әзірлейді;

6.1.3. Отырыстарға дайындық пен шешім жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

6.1.4. Жаттықтырушылар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

6.1.5. ҚШФ басқарушы органдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде Жаттықтырушылар кеңесіне өкілдік етеді;

6.1.6. Жаттықтырушы жұмысы және жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру саласына қатысты ҚШФ басқарушы органдарының шешімдерін немесе тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады.

6.2. Жаттықтырушылар кеңесі Төрағасының Орынбасары:

6.2.1. Жаттықтырушылар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оны алмастырады, Жаттықтырушылар кеңесінің отырыстарын жүргізеді және оның барлық міндеттерін орындайды;

6.3. Жаттықтырушылар кеңесінің Хатшысы:

- 6.3.1. Төрағамен және/немесе Төрағаның Орынбасарымен бірге отырыстарға ұсыныстар әзірлейді;
- 6.3.2. Отырыстар мен шешімдер жобаларын дайындауды ұйымдастырады;
- 6.3.3. Жаттықтырушылар кеңесінің мүшелеріне кезекті отырыстың өтетін күні мен жері туралы хабарлайды;
- 6.3.4. Жаттықтырушылар кеңесі отырысының хаттамасын жүргізеді;
- 6.3.5. Төрағамен және/немесе оның Орынбасарымен бірге Жаттықтырушылар кеңесі қабылдаған шешімдерді және ҚШФ басқарушы органдарының тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;
- 6.3.6. Жаттықтырушылар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуының есебін жүргізеді;
- 6.3.7. Белгіленген тәртіппен отырыс хаттамаларын және Жаттықтырушылар кеңесінде қабылданған құжаттарды ресімдейді және таратады;
- 6.3.8. Жаттықтырушылар кеңесі Төрағасының тапсырмасы бойынша жұмыс топтарының қызметін ұйымдастырады.

6.4. Жаттықтырушылар кеңесінің мүшелері:

- 6.4.1. Жаттықтырушылар кеңесінің отырыстарына дауыс беру құқығымен қатысады;
- 6.4.2. Отырыс өткізуге қажетті материалдарды дайындауға қатысады;
- 6.4.3. Өз облыстарында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында Жаттықтырушылар кеңесіне өкілдік етеді;
- 6.4.4. Өз құзыреті, осы Ереже және ҚШФ Жарғысы шеңберінде ҚШФ басқарушы органдарының, Жаттықтырушылар кеңесі Төрағасының және Төраға Орынбасарының тапсырмаларын орындайды.

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар ҚШФ Төралқасының отырысында қабылданады.